ІҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ТУЫ

ЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
ЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

рь Бейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тиын.

***Уландырушы дәрігерлер шайкасын әшкерелеу американ-ағылшын соғыс өртін тұтандырушыларға күйрете берілген соққы болып табылады. Олардың агентурасы ұсталды және зыянсыздандырылды. АҚШ пен Англиядағы құл иеленушілердің —қанішерлердің шын кескіні бүкіл дүние жүзі алдында тағы да әшкереленді.***

## атағын бүркенген кісі өлтірушілер

лып табыла-
стап, қандай
гшілік доста-
рғанын енді

ылардың бас-
ан, Егоров)
лшын развед-
болып табы-
қылмысты жә-
рын орындап,
сіп келген.

і топтары мен
әріптестері»
жолмен үстем-
кенін біледі.
тысқа жанта-
) мен халық-
ылына өздері-
іне жіберуде,
елмегенін жү-
інің бүлдіргіш
ға тырысуда.
де террорлық
кеттерін жүр-

цияның қандайынан болса да біздің революциямызда көбірек дәлелденді».

Біз табысқа жеткен сайын тап күресіміз «сөнетіндігі» туралы оппортунистік теорияны әшкерелеп, Сталин жолдас былай деп сақтандырған болатын:

«Бұл—тек шірік теория ғана емес, мұнымен бірге, хауіпті де теория. Өйткені, бұл теория біздің адамдарымыздың қырағылығын бәсеңдетеді, оларды қақпанға түсіреді, ал, тап жауына, совет өкметімен күресуі үшін, есін жыйып алуға мүмкіншілік береді».

ССРО-да қанаушы таптар әлдеқашан талқандалып, жойылды, бірақ, буржуазиялық идеологияның қалдықтары, жеке меншіктілік психологиясы мен моралінің қалдықтары әлі де бар, —буржуазиялық көзқарастар мен буржуазиялық моральды таратушы —тірі адамдар, біздің халқымыздың жасырын жаулары әлі де бар. Империалистік дүние қолдап отырған дәл осы жасырын жаулар бұдан былай да зыянкестік жасайтын болады.

Осының бәрі совет адамдарын револю...

---

Жергілікті Советтердің
сайлауына әзірлік

## Үгітшілер сайлаушылар арасында

Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозында сайлаушылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарды жүргізу үшін 12 үгітші тағайындалып, олар партия ұйымының жыйналысында бекітілді. Олардың көпшілігі коммунистер мен комсомолецтер. Қазір үгітшілер сайлаушыларға партиямыздың XIX съезінің материалдарын, жергілікті Советтердің сайлауы туралы Ережені және газет, журналдардан сайлау жөніндегі материалдарды оқып түсіндіруде.

Жақында үгіт коллективінің меңгерушісі Ө. Құсайынов жолдас үгітшілердің кеңесін өткізіп, олардың сайлау кезіндегі міндеттерін айтып түсіндірді. Мұнда сайлаушылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың алғашқы күндеріндегі орын алған кемшіліктерді жоюдың нақтылы шаралары белгіленді.

Мұнымен бірге, Құсайынов жолдас «Сталиндік Конституция —дүние жүзіндегі ең демократияшыл Конституция» деген тақырыпта баяндама жасап, үгітшілерге сайлаушылармен әңгімені қандай тақырыпта және қалай өткізу жөнінде кеңес берді.

---

*Жаңа бесжылдықтың*
*стахановшысы*

## 1955 ЖЫЛДЫҢ ЕСЕБІНЕ



Азғындаған буржуазиялық еврей ұлтшылдарының тобына сүйене отырып, «Джойнттың» кәнігі шпиондары мен террористері американ разведкасының тапсырмасы бойынша және соның басшылығымен Совет Одағының территориясында да өзінің бүлдіру әрекетін жүргізген. Тұтқынға алынған Вовсидің тергеуде көрсеткеніндей, ол «ССРО-ның басшы кадрларын құрту туралы» директиваны АҚШ-тен алған. Оған осы директиваны шпиондық-террорлық «Джойнт» ұйымының атынан дәрігер Шимелиович және белгілі буржуазиялық еврей ұлтшылы Михоэлс тапсырған.

Уландырушы дәрігерлердің шайқасын әшкерелеу халықаралық сионистік еврей ...

... тік көзқараста тұрған адамдар міне осылай деп ойлай алады. Олар біздің табыстарымыз күресті сөндірмей, қайта шиеленістіретінін, біз табыспен неғұрлым алға басқан сайын, құру шегіне жетіп жанталасқан халық жауларының күресі солғұрлым өрши түсетінін түсінбейді немесе түсіне алмайды.

Мәңгі жасайтын Ленин осылай деп үйретеді, Сталин жолдас осылай деп үйретеді.

«Революцияның күші, оның тегеуірін күші, жігері, батылдығы, оның жеңіс салтанаты, —деп көрсетеді Ленин, —сонымен бірге буржуазияның қарсыласу күшін күшейтеді деген заң басқа револю-...

...тады. Ол доллар мен стерлингке сатылған жексұрын жалдамалыларды сұр жыландай жаныштап құртып жібереді. Ал, осы жалдамалы —кісі өлтірушілердің дем берушілерін алатын болсақ, әділ жазаның оларды ұмытпайтынына, оларға өзінің тұжырымды сөзін айту үшін жол табатындығына бұлардың сенуіне болады.

Мұның бәрі әрине, дұрыс, бірақ, осы жаулардан басқа бізде әлі тағы бір жау—біздің адамдарымыздың ашықауыздығы бар екендігі де рас. Бізде ашықауыздық қашан жойылғанға дейін, — зиянкестік те болатындығына күмәнданбауға болады. Демек: зиянкестікті жою үшін біздің қатарымыздағы ашықауыздықты жою керек

**(«Правда», 13 январь).**

...үгіт жұмысынан тәжрибесі мол адамдар басқарады. Үгіт пункттері газет, журналдар, ССРО Конституциясы, Қазақ ССР Конституциясы, жергілікті Советтердің сайлауы туралы Ереже, партиямыздың XIX-съезінің материалдары, Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі сияқты ең қажетті материалдармен қамтамасыз етіп, еліміздің қол жеткен табыстарын баяндайтын көрнекі құралдармен жабдықталды. Қазіргі күнде сайлаушылар арасында 660 үгітші жұмыс істеп жүр.

Әсресе, Сталин атындағы, «Борьба за коммунизм», «Северный берег» колхоздарының үгіт коллективтері сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуде. Үгітші Угро, Вожко, Скривенко, Сыржко жолдастар сайлаушылар арасында жоспарлы түрде түрлі тақырыптарда қызықты, түсінікті әңгімелер өткізуде. Олар үгіт-бұқаралық жұмысты колхоздың шаруашылық жұмыстарымен байланыстырып отырады. Сондықтан олардың әңгімелері өте қызықты әрі әсерлі болып өтеді. Мұның өзі үгітшілердің өткізетін әңгімесіне сайлаушылардың зор белсенділікпен үнемі қатысуын қамтамасыз етуде.

**А. ЕРТАЕВ,**

**ҚКП Совет аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі.**

# И. В. Сталин жолдастың Қытай-Совет достығы Қоғамы председателінің орынбасары Сун Цзин-линді және Қытайдың Ғылым академиясының президенті Го Мо-жоны қабылдауы

13 январьда И. В. Сталин жолдас Қытай-Совет достығы Қоғамы председателінің орынбасары Сун Цзин-линмен және бейбітшілікті қорғаудың Бүкілқытайлық Халықтық Комитеті Президиумының председателі, Қытайдың Ғылым академиясының президенті Го Мо-жомен әңгімелесті.

(СОТА).

## Оңтүстік Қырғызстанда егіс жұмысы басталды

ФРУНЗЕ, 8 январь. (СОТА). Қырғызстанның оңтүстік жағында ауа райы жылый бастады. Ош және Жалал-абад облыстары аудандарының бірқатар колхоздары жер жыртуда. Бірінші Араван МТС-нің механизаторлары егіс даласына шыққан барлық шынжыр табанды тракторларға Қырғызстанда бірінші болып тыңайтқыш енгізетін сеялкалар орнатты. Мұндай агрегаттар бұрын жерге тыңайтқыш енгізуге бөлінетін 20 тракторды басқа жұмысқа пайдалануға босатты. Осының нәтижесінде көпгеген жанар май және қаржы үнемделуде. Араван МТС-нің бағалы тәжрибесін республиканың басқа механизаторлары да қолдануда.

## Көп жылғы еңбегі үшін сыйлық берілуде

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Эмбінің мұнай кәсіпшіліктерінде көп жылғы және адал еңбегі үшін сыйлық төлене бастады. Көптен келе жатқан Мақат кәсіпшілігінде мұнайшыларға 600 мың сомнан аса сыйлық есептелді.

Шаруашылық есептегі комплексті участоктің мастері Базарғали Түлікбаев мұнай өнеркәсібінде ширек ғасырдан бері істейді. Ол кәсіпшілікке қарапайым жұмысшы болып келген еді. Кәзір Түлікбаев —өндіріс командирі. Үкмет оны стахановтық еңбегі үшін Ленин орденімен наградтады. Түлікбаевтың участогі, Эмбідегі тәуелдаулы участоктердің бірі. Байырғы мұнай мастеріне 5 мың сомнан аса сыйлық берілді.

Шаруашылық есептегі участоктің мастері Аманбердиев жолдас 6 мың сомнан аса сыйлық алды, аға оператор Мұхамбетов жолдас 4296 сом, 200-ден аса скважинаны қалпына келтірген күрделі жөндеу мастері Измайлов жолдас 5 мың сомнан аса сыйлық алды.

Турбиналдық бұрғылаудың Құлсары конторының қызметкерлеріне Қаратон, Қосшағыл және басқа кәсіпшіліктердің мұнайшыларына көп жылғы еңбегі үшін көп сомалы сыйлық берілді.

## Партия ұйымының басшылығымен

ҚКП Преснов аудандық комитеті үгіт коллективінің жұмысы туралы «Жизнь» колхозы партия ұйымының секретары Загребельный жолдастың баяндамасын тыңдады.

Колхоз партия ұйымы соңғы кезде үгіт коллективінің жұмысына басшылықты біраз жақсартты.

Аудандық партия комитеті «Жизнь» колхозындағы үгіт коллективінің жұмысына басшылықты бұрынғыдан да жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, қаулы қабылдады.

мін. Ол
жақсы
болатын
са бөлш
са, күй
Мен мұ
рістік т
лемін.
Мен
көбінесе
пештері
оттықта
гісін жа
Стали
жоспары
дау үші
тік жар
өнімділі
налық т
процент
Әрқаш
кіштерге
бірқалы
гізуді ұ
Мен
20—30
өзімнің
пен әзір
жұмыс
беруден
ғызады
теуімді
Алған
асыра о
алдымен,
пайдалан
ойлаймы
жете ба
жеке бө
машинал
гілі бір,
ішінде і
граммас
деудің
ғын ата

шіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Партия ұйымдары құрылысшылар арасында социалистік жарыс пен саяси-тәрбие жұмыстарын жеткіліксіз жүргізіп келеді. Кейбір құрылыс ұйымдары материалдар мен қаржыны үнемдеп пайдаланбайды, айлық, жылдық тапсырмаларды кезінде орындамайды.

№ 45 құрылыс-монтаж басқармасы партия ұйымының секретары Голозубов өзінің сөзінде озат құрылысшылардың жұмыс тәжрибелерін насихаттау мәселесіне тоқталды. Қалада, деді ол, стахановшы құрылысшылар көптеп саналады. Бірақ, партия ұйымдары және жергілікті баспасөз олардың тәжрибелерін қорытып, насихаттау ісімен жеткілікті шұғылданбай отыр.

Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Маркелов жолдас қалалық Совет аткомі мен қалалық партия комитетінің құрылыс жұмысына басшылық етудегі кемшіліктерін сынады. Материалдарын жеткізу ісінде де көп кемшіліктер бар. Мұның бәрі құрылыс жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне нұқсан келтірмей қойған жоқ.

Бұдан кейін сөйлеген коммунист Власов жолдас өзінің сөзін құрылыс жұмыстарының жоспарын жүргізуге арнады. Байланыс құралдарын жасайтын министрліктің басқармасы быйыл күрделі құрылыстың көлемі екі есе өскеніне қарамастан оған жұмсалатын қаржыны өткен жылғыдан асырмай отыр. Министрліктің жауапты қызметкерлері заводта айлап емес, жылдап болмайды. Осының салдарынан олар құрылыс жұмыстары жөніндегі қажетті мәселелерді жете білмейді. Бұл мақсатқа босатылған қаржылардың жұмсалмай қалуына жол береді.

Темір жол бөлімшесінің саясаттық бөлімі бастығының орынбасары Олифер жолдас екінші құрылыс участогінің және оның бастығы Егоров жолдастың жұмысындағы кемшіліктерді қалалық комитеттің құрылыс орындарындағы партия ұйымдарының жұмысына жеткіліксіз басшылық жасап, олардың назарын құрылысшылар арасында партия-саясат жұмысын күшейту мәселесіне ойдағыдай аудара алмай отырғандығын айтты.

Облыстық партия комитетінің бюро мүшесі Ағыбаев жолдас пленумға қатысушылардың назарын жергілікті құрылыс материалдарын өндіру, кадрларды дұрыс пайдалану және кадрлардың мамандығын арттыру мәселесіне аударды.

Машина жол құрылысы станциясының партия ұйымының секретары Дрыгайлов жолдас құрылыс жұмысындағы кадрларды іріктеп алу және оларды тәрбиелеу жұмысының жайына тоқтай келіп, қалалық партия комитеті жұмыстың бұл участогіне ерекше назар аударуы керек екендігіне тоқталды.

Пленум қалада құрылыс-монтаж жұмысын жақсартуға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды.

**Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.**

## ОҚУ ҮЙІ ҮЛГІЛІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Өрнек ауылдық Советі жанындағы (Приешім ауданы) оқу үйінен демалыс уақытында газет-журналдар, саяси, көркем шығармалар оқып отырған көптеген колхозшыларды көресің. Бұл күндері кітап оқушылардың саны 90-ға жетті. Оқу үйінің меңгерушісі А. Сәдуов жолдас партия, совет ұйымдарымен тығыз байланыс жасап, кітап оқушылардың тілегіне сай айлық жоспар бойынша жұмыс істейді.

Оқу үйінде соңғы күндері аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Қопышов, МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Мурзасов жолдастар партияның XIX съезінің материалдары жөнінде лекция оқыды.

**У. НҰРАХМЕТОВ.**

## *Жарияланбаған хаттың дерегі*

### «ТУМЫРЗИН ТІЛЕШ ӘКЕСІ КІМ ЕКЕНІН БІЛЕ АЛМАЙ ЖҮР»

«Ленин туы» газетінің редакциясына түскен, осы тақырыпты тілші хатында Октябрь ауданындағы Киров атындағы колхоздың мүшесі Қайдауыл Макишевтің өзінің Тілеш деген баласын майданда қайтыс болған ағасы Тумырзаның баласы деп мемлекетті алдап, заңсыз ақшалай жәрдем алып жүргендігі айтылған болатын.

Еңбекшілер депутаттарының Октябрь аудандық Совет аткомінің председателі Мусин жолдас редакцияға, газетке жарияланбаған тілші хаты бойынша тексеріс жүргізілгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды деп хабарлады.

Қайдауыл Макишевтің мемлекеттен заңсыз алған ақшасын өндіріп алу зерт орнына тапсырылған.

## Философияны үйренетін үйірме

Быйыл Совет аудандық партия комитетінің кітапханасы жанында философияны үйренетін үйірме ұйымдастырылған-ды. Онда басшы партия, совет, ауылшаруашылық қызметкерлері, барлығы 16 адам оқыйды.

Қазір үйірмеде сабақ жаңа оқу программасы бойынша өте бастады. Тыңдаушылар партиямыздың XIX съезінің қарарларын және Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбектерін зор ықыласпен үйренуде.

**Ә. МҰХАМЕТОВ.**

## Колхозшыларды мәдениетті қамтуда

Біз партияның XIX съезінің материалдарын колхозшыларға насихаттау және сайлау науқаны кезінде үгіт-бұқаралық жұмыстарды өрістете жүргізу мақсатында үгітшілер мен жергілікті лекторлар тобын қайта құрып бекіттік. Қазір олар өздерінің жұмысын жоспар бойынша жүргізіп отыр. Лекторлар колхозшылар арасында түрлі тақырыптарда лекциялар оқып, мектеп оқушылары сайлаушы колхозшыларды мәдениетті қамтуда.

Жуырда Майбалық жетіжылдық мектебінің мұғалімі Ә. Тауқұдіретов жолдас «Совет Одағы — бейбітшілік жолындағы күресте шешуші күш» деген тақырыпта екінші, үшінші бригадаларға барып лекция оқыды. Лекциядан кейін мектеп оқушылары оқытушы Ыбрайымовтың басқаруымен колхозшыларға концерт берді.

Оқушылар колхозшыларды мәдениетті қамту ісіне үнемі белсене қатысып келеді. Олар үстіміздегі оқу жылында колхозшыларға арнап 5 рет концерт берді.

**Т. ҚҰСАЙЫНОВ,**

**Преснов ауданы, Калинин атындағы колхоз партия ұйымының секретары.**

Пресс агенттіг
сағатта теміржо
басталды деп
лық темір жол
жүруі тоқтаты
сапарға шыққа
темір жол пун

**АМ**

ПЕКИН, 13
агенттігі жапо
деп есептейтін
басына америк
станциясын, о
30 мың солда
қандығын хаба

**ИТАЛ**

РИМ, 11 ян
ті сайлау сис
ма» жобасына
циал-демократ
басшылары қ
наразылық бі
зеппе провин
федерациясын

**«УДАРНИК»**

**Бүгі**

**«АЛ**

Сеанстар са
Касса сағат

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет т

УШ 00484, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемле